

**Тәрбиелеу – білім беру процессінің циклограммасы «Айсана» балабақшасы «Балапан» кіші топ 2+**

**5 апта:29.05-02.06 2023 ж**

<b>Күн тәртібі</b>	<b>Дүйсенбі</b>	<b>Сейсенбі</b>	<b>Сәрсенбі</b>	<b>Бейсенбі</b>	<b>Жұма</b>
<b>Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-8.20</b>	Балаларды қабылдау. Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру Жағымды жағдай орнату. Денешынықтыру сабағына қатысып балалардың жағдайын бақылауда ұстау. Ата-анамен жұмыс Әңгімелесу.Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесізбе?	Балалардың көңіл-күйін бақылау.Дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Ата-анамен жұмыс Балаңыз қандай мультфилм кейіпкерлерін ұнатады?	Балалардың денеқызуын өлшеп қабылдау.Ата-анамен жеке бас тазалығы туралы сөйлесу. Серуен уақытында топтпрға кварц қосу. Ата-анамен жұмыс Балалар ойыншықтары сатылатын дүкенге қаншалықты жиі барасыз? Балаңыздың оған көзқарасы қандай?		
<b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.20-8.30</b>	<b>ДО:</b> «Үй құстарын ата» Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру	<b>ДО:</b> «Мамандықтарды ата» Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру	<b>ДО:</b> «Гүлдерді құрастыр» Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру.		
<b>Таңертеңгі жаттығу</b>	Таңертеңгілік жаттығулар кешені 2				
<b>Таңғы ас 8.45-9.00</b>	«Ас – адамның қуаты» М-ы:Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса,досың көп» <b>Ойын жаттығу :</b> Білсін мұны балалар, Сусыз құрғақ далалар. Сусыз қараң қалалар, Ескертеміз бар ұлға, Ескертеміз бар қызға. Суды босқа ағызба.				
<b>Ойындар, ҰОҚ дайындық 9.00-9.10</b>	<b>ДО:</b> «Тазалықтың достарын ата». Мақсаты: тазалық бұйымдарын атау.	<b>ДО:</b> «Тәулік бөліктерін ата». Мақсаты: Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту,тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.	<b>ДО:</b> «Өз үйіңді тап» Мақсаты: Түстерді ажырата білуге үйрету.		

<p><b>Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері 9.10-10.15</b></p>	<p><b>Шаттық шеңбер</b>  Жарқырап күн де ашылады,  Айналаға нұр шашылады.  Қайырлы күн!  Біз көңілді баламыз!  Қайырлы күн!  Біз сүйкімді баламыз!  <b>Баршамызды бала тілмен баурайтын, Бала деген бір бақыт қой самғайтын</b>  «Алақай жаз келді». Жаздағы табиғат көріністері, адамдардың киімдері, ойындар туралы әңгімелесу, сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес диалогке қатыстыру.  Балаларды заман талабына сай әр саладағы білімдерін кеңейте отырып,, білім деңгейін бекіту.  Сұрақтарға толық жауап беру дағдысын жетілдіру. геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту: шеңбер, шаршы, үшбұрыш.  Міндеттері: геометриялық пішіндер үлгілерін қимақағаздағы</p>	<p><b>Шаттық шеңбер</b>  Жарқырап күн де ашылады,  Айналаға нұр шашылады.  Қайырлы күн!  Біз көңілді баламыз!  Қайырлы күн!  Біз сүйкімді баламыз!  <b>Бала, бала, баламыз Бақшамызға барамыз Күні – бойы қызыққа Батамыз да қаламыз.</b>  Балалардың жаз мезгілі туралы ұғымын кеңейту, жаз айларының ерекшелігін ұғындыру, жазғы табиғат өзгерістерін бақылап, әсемдігін, сұлулығын сезіне білуге үйрету.  Жаздай жайдары көңіл-күй орнату, татулыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Көшбасшылық қабілетін ояту, білімді, дарынды, озық болуға, алған білімдерін қолдана білуге тәрбиелеуді бекіту. Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыландыру  Қоршаған әлемнің</p>	<p><b>Шаттық шеңбер</b>  Жарқырап күн де ашылады,  Айналаға нұр шашылады.  Қайырлы күн!  Біз көңілді баламыз!  Қайырлы күн!  Біз сүйкімді баламыз!  <b>Көк жиектен күлімдеп, Маусымның таңы атты</b>  «Балаларды қорғау күні» туралы түсініктерін бекіту. Ойын - сауықта өлең айтып, би билеу арқылы белсенділіктерін арттыру. Балаларды өзін құрметтеуге, әлеуметтік мәнділік сезімін, жеке тұлға ретінде көрсете білуге тәрбиелеу.  Табиғатты қорғау туралы мәлімет беріп , меңгерту, танымдық қабілетін арттыру; есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой – өрісін кеңейту. Табиғатты сүйуге және ұқыпты ұстауға тәрбиелеу; қазақ халқының табиғатты қорғау дәстүрлерін үлгі алуға шақыру, эстетикалық сезімдеріне баулу. Сұрақтарға толық жауап беру дағдысын жетілдіру. Ойлау қабілеттерін дамыта отырып, сөйлеу шеберлігін жетілдіру,</p>		
--	--	---	--	--	--

	<p>бейнесінің үстіне салып қарауға жаттықтыру; қоршаған ортадан басқа да геометриялық пішіндеріне ұқсайтын заттарды таба білуге үйретуді жалғастыру; Фланелеграфта түрлі-түсті гүлдерді орналастыру барысында «жоғары - төмен», «үстінде-астында» кеңістіктік ұғымдарын үйрете отырып жұмыс жасауға дағдыландыру</p> <p>Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айту дағдыларын бекіту. Өлеңнің ұйқасын, ырғағын, қуанышты сүйсінуді бере білулерін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.</p> <p>Қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> Бір-бірінің қолынан ұстап шеңбер бойымен жүгіру. Иректеліп қойылған жіптің бойымен жүру. Допты екі қолымен кеуде тұсынан</p>	<p>әсемдігін эмоционалды қабылдайды. Ұжымдық жұмысқа қатысады, қызығушылық танытады. Қылқаламды пайдаланып, үзік сызықтарды қосу арқылы сурет салуға қызығушылығын арттыру.</p> <p>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, қол қимылдарын дамыту. Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын бекіту, түрлі түсті қағаздарды пайдалана отырып бақбақ гүлін жасай білуге үйрету, жырту, шиыршықтау тәсілдерін меңгерту.</p> <p><b>Дене шынықтыру</b> 10 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Жіп үстінде бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың бақайына тіреп жүру. Екі аяқпен 6 жіптің (әрқайсысынан кезекпен) үстінен секіру. Көзге арналған «Шегіртке» гимнастикасын, «Жәндіктер» қолға арналған массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға</p>	<p>белсенділігін арттыру. Балалардың алжапқыш туралы түсініктерін жетілдіп, суретін салуға үйрету. Алжапқышты ұлттық ою өрнектермен әшекейлеуді үйрету.</p> <p>Дене шынықтыру 17 метр қашықтыққа жылдам қарқынмен жүгіру. Жіп үстінде бір аяқтың өкшесін екінші аяқтың бақайына тіреп жүру. Екі аяқпен 6 жіптің (әрқайсысынан кезекпен) үстінен секіру. Көзге арналған «Шегіртке» гимнастикасын, «Жәндіктер» қолға арналған массажын қолдана отырып, дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Жылдам қарқынмен жүгіре білуді, кең адымдар жасауды, бір-біріне кедергі келтірмеуді бекіту. Қысқартылған алаң үстінде жүргенде тепе-теңдік сақтай білуді бекіту. Бір мезетте екі аяқпен ептілікпен итеріліп және бақайымен секіріп түсуді бекітуді жалғастыру. Туған өлкенің табиғаты туралы білімін толықтыра түсуді</p>		
--	--	--	---	--	--

	лақтыру.Қол ұстасып, айнала жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	қызығушылықтарын қалыптастыру;	жалғастыру.Саусақтардың ұсақ қимыл-қозғалысын дамыту.		
<b>2-таңғы ас</b>	Балаларды жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына тәрбиелеу, топта, үйде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Тамақты мұқият, кішкене бөліктерде алыңыз.				
<b>Серуенге дайындық 10.15-10.45</b>	Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан біртіндеп шығарып,киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу.				
<b>Серуен: 10.45-11.35</b>	<b>Серуен №18</b>	<b>Серуен №19</b>	<b>Серуен№20</b>		
<b>Серуеннен оралу 11.35-11.50</b>	<b>Ойын- жаттығу. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.</b> Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
<b>Түскі ас 11.50-12.10</b>	<b>Ойын- жаттығу :</b> Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. <b>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"</b>				
<b>Ұйқы 12.10-15.10</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары 15.10-15.25</b>	Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.  Білімді кеңейту және мәдени-гигиеналық дағдыларды орындау.				
<b>Бесін ас 15.25-15.40</b>	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				

<p><b>Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс 15.40-16.00</b></p>	<p><b>СРО:</b> «Дүкен» Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету. <b>Қимыл қозғалыс ойыны:</b>«Түрлі түсті моншақтарды тізу» Мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету</p>	<p><b>СРО:</b> «Аурухана» Мақсаты: Өздіктерінен рөл дерді бөле білуге үйрету. Қызығушылықтарын арттыру. Бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. <b>Қимыл қозғалыс ойыны:</b> «Ит пен қоян». Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.</p>	<p><b>СРО:</b> «Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. <b>Қимыл қозғалыс ойыны:</b> «Не жоқ?» Мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу.</p>		
<p><b>Балалармен жеке жұмыс</b></p>	<p>Дидармен жеке жұмыс. <b>ДО:</b> «Ыдыстар» Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру</p>	<p>Нұрланмен жеке жұмыс. <b>ДО:</b> «Ол жасырынған жерді табыңыз» Мақсаты: кеңістікте бағдарлау, бекіту сол және оң қолды білу.</p>	<p>Алинамен жеке жұмыс. <b>ДО:</b> "Бұл қашан болады?" Мақсаты: балалардың білімдерін нақтылау және тереңдету. маусымдар.</p>		
<p><b>Серуенге дайындық 16.00-16.10</b></p>	<p>Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.</p>				
<p><b>Серуен 16.10-16.35</b></p>	<p><b>Серуен №18</b></p>	<p><b>Серуен №19</b></p>	<p><b>Серуен №20</b></p>		
<p><b>Серуеннен оралу 16.35-16.40</b></p>	<p>Серуеннен оралу, серуендеуден кейін гигиеналық процедуралар, заттарды шкафқа қою.</p>				
<p><b>Кешкі ас 16.40-17.00</b></p>	<p>Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс.</p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау</b></p>	<p><b>ДО:</b> «Мейірімділік гүлі». Мақсаты: сыпайы сөздерді айта білу, сөйлеу қабілетін дамыту. <b>Төмен ұтқырлық ойыны:</b> «Топ-тамырлар».</p>	<p><b>ДО:</b> «Қай сөз жоғалып кетті?». Мақсаты: Мағынасы тиянақты сөздерді таңдай білу дағдысын қалыптастыру. <b>Төмен ұтқырлық ойыны:</b> «Карусель».</p>	<p><b>ДО:</b> "Бұл қашан болады?" Мақсаты: балаларды көктемнің белгілерін тануға үйрету. <b>Төмен ұтқырлық ойыны:</b> "Не өзгерді?"</p>		

және тағы басқа әрекеттер)	Мақсаты: допты қағып алу дағдысын қалыптастыру, тыңдай білуге тәрбиелеу	Мақсаты: қол ұстасып шеңбер бойымен жүру және жүгіру қабілеттерін бекіту, қозғалыс координациясын дамыту.	Мақсаты: Балалардың кеңістікте бағдарлануын дамыту. Көрнекі зейінді дамыту		
<b>Балалардың үйге қайтуы 17.00-18.30</b>	Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу. «Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> « Паравоз » Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып, паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайтала айтуға үйрету.	Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> « Ақ қоян» Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.	«Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу. «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу. <b>Қимыл-қозғалыс ойыны:</b> « Қаздар » Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.		